Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

" Мерей и К "

Товарищество с ограниченной ответственностью

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Байганин ауданы, с.Карауылкелді Барақ батыр көшесі 78
***БИН**:981040002902 **ИИК**:KZ026010121000014509 **БИК**:HSBKKZKX **Банк:**АОФ АҚ «Халық Банк»*
*Ақтөбе қаласы **КБЕ** : 17 тел./факс: 8(71345) 23-0-13*

Қарауылкелді ауылы 19.03.2026 ж
Шығыс №31

Шағым

2026-2028 жылдарға Байганин ауданының жергілікті маңызы бар 398,7 км автомобиль жолдарын күтіп ұстау жұмыстары бойынша, 2026 жылдың 18-наурызында өткен №16543459-ОК1 конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы хаттамаға сәйкес, конкурс нәтижесінде «Компания газ монтаж сервис» ЖШС жеңімпаз атанды.

Тапсырыс беруші "Байганин аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі. Ұйымдастырушының атауы "Байганин аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі. Аталған жол жұмысы бойынша конкурс осы күнге дейін **4 рет өткізілді,** барлығына қатысып, **2-ші конкурста ұтып тұрған кезімізде, әртүрлі себептермен бермей тастады.**

Бүгінгі күні Байганин ауданының жергілікті маңызы бар 398,7 км автомобиль жолдарын күтіп ұстау жұмыстары бойынша конкурста жеңімпаз деп танылған «Компания газ монтаж сервис» ЖШС мекемесі жол салу, жөндеу жұмыстары бойынша ешқандай лицензиясы жоқ, өз меншігінде техникасы жоқ компания. Мемлекеттік сатып алу порталына енгізілген құжаттарында

1. «Компания газ монтаж сервис» ЖШС мен «ҒИМАРАТ-М» ЖШС компаниясының арасында 2026 жылдың 13-наурызында жасалған келісім-шартта техникаларды жалға алу құны көрсетілмеген;

2. Автогрейдер ДЗ 143; МТЗ-82 тракторына арналған аспалы фреза техникалық паспортынан 1993 жылы шыққан, яғни 33 жыл болған техника екенін көруге болады және фреза қуаттылығы талапқа сай келмейді, жетпейді;

3. Урал 4310 бұранда роторлы қар тазалағыш (шнекоротор)техникасының шығарылған жылы көрсетілмегеніне қарап, 40 жыл болған деуге келеді, әрі бұл техникалардың құжаты болғанымен, тозығы жеткен, әрі, қолданыста бар екендігіне кім кепіл?!

4. Техникаларды жалға алып, келісім-шарт жасасып отырған «ҒИМАРАТ-М» ЖШС компаниясының реквизитінен, бұл компанияның Қарағанда облысы, Шет ауданынан екендігін көруге болады. Бұл дегеніміз, Байганин ауданына дейін жеткізілуі 2500 км шақырымды құрайды.

5. 2026 жылдың 2-ақпанында «Компания газ монтаж сервис» ЖШС мен «Байганин Көлік» ЖШС компаниясы арасында жасалған Тұрғын емес үй-жайды жалға алу келісім-шарты мәнінен (предмет договора) өндірістік ғимаратты жалға алу үшін жасалған келісім-шарт екенін көреміз. Ал осы аталған келісім-шартта көрсетілген кадастрлік номерге сәйкес, жер актісінде жер учаскесінің нысаналы мақсаты: өндірістік орынды

<u>орналастыру және пайдалану</u> (размещение и обслуживание производственного места) – деп көрсетілген.

6. Конкурстық құжаттаманың 11-қосымшасына сәйкес материалдық ресурстардың атауынан өндірістік базаның құжаты салынуы тиіс екендігін көруге болады.

Осы жоғарыда аталған кемшіліктерді ескеруіңізді сұрай отырып, конкурс шешіміне келіспейтіндігімді хабарлаймын.

Ал «Мерей и К» ЖШС мекемесіне келер болсақ, жергілікті компания, аудан орталығынан 100-ден астам адамды жұмыспен қамтып, салық төлемдері арқылы Байғанин ауданына қомақты қаржы құйып отыр. 2026 жылдың қыс айларында қантар, ақпан және көктемнің наурыз айында мемлекеттен еш қаражат алмастан жолдарды күтіп ұстау жұмыстарын жүргіздік. Және де мемлекеттік сатып алу порталына конкурсқа қатысу үшін тіркеген өтініште көрсетілген құжаттар, заңнамаға толықтай сәйкес келеді деп айта аламын.

Осы әділетсіздік салдарынан 100-ден астам жұмысшы жұмыссыз, еңбекақысыз қалады. Сонымен қоса, жұмысшыларымыздың ішінде көпбалалы отбасылар да баршылық, солардың тарапынан әлеуметтік наразылық туындауы ықтимал.

Сіздерді, жоғарыда аталған жағдайды ескере отырып, заң талаптары бойынша тексеру жүргізіп, әділ шешім шығарады деп сенеміз.

«Мерей и К» ЖШС директоры Шәудір Т.Қ.

Республика Казахстан Актюбинская обл.
БАЙҒАНИН АУДАНЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
БСН 981040002902 БИН
"Мерей и К"
БАЙГАНИНСКИЙ РАЙОН ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
Республика Казахстан Актюбинская обл.